



**Б.БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖОҒАРЫ ОЙЛАУ ДАҒДЫСЫН
ЖЕТІЛДІРУ ТӘСІЛДЕРІ**

**Нұр-Сұлтан қаласы
№67 гимназияның
биология пәні мұғалімі :Айкулова А.К.**

Блум таксономиясы



Бенджамин Блум

Бенджамин Блум – америкалық оқыту әдістемесінің психологы, Блум таксономиясының авторы.

Блум таксономиясы сын тұрғысынан ойлауды қарастыруға болатын ойлау дағдыларының кеңінен қолданылатын иерархиялық моделі болып табылады. Блум таксономиясының мақсаты – оқытудың неғұрлым тұтас нысанын құру.

Таксономия түсінігі


Таксономия (грекше. *táxis* — орналасу, құрылыс, тәртіп және *nómos* — заң).

Таксономия — олардың иерархиясын (белгілі бір құрылымдағы бірізділігін, реттілігін) құрастыру мақсатында берілген нысандарды нақты бір өлшемдер мен қағидалар бойынша жіктеу.

Блум таксономиясы-жеке тұлғаға бағытталған, оның шығармашылығын дамытудың және білімді толық меңгертудің әдісі болып табылады. Адамның ақыл-ой қабілеттерінің құрылымы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өту барысында белсенді әрекетке жетелейтін алты деңгейге сәйкес тапсырмаларды құруды қажет етеді.

Блум таксономиясы

Білімді игеруге бағытталған 6 қадам



Негізгі категориялар

1. БІЛУ

Таным мен ойлау деңгейі – төмен деңгей

Бұл категория оқу материалын есте сақтау мен қайталауды білдіреді.

Оқу материалы деп әр түрлі мазмұндағы ақпаратты (нақты фактілерден бүтін теорияларға дейін) атауға болады.

Бұл категорияның негізгі сипаты – қажетті мәліметтерді есте сақтау.

Оқушы әрекеті:

Қолданылған терминдерді біледі, есте сақтайды

Нақты фактілерді атайды

Жұмыстың орындалу ретін жазады

Негізгі ұғымдарды қайталайды

2. Түсіну

Оқу материалын түсінгендіктің көрсеткіші ретінде келесідей әрекеттерді атқаруды атауға болады:

Трансляция – яғни оқу материалын бір «тілден» екінші «тілге» ауыстыру (мәселен биологиялық формуланы сөзбен айтып беру немесе

керісінше, сөзбен келтірілген мәліметті кесте, схемамен көрсету);

Интерпретация – оқу материалын “өз сөзімен” түсіндіру, қысқаша баяндау;

Жорамалдау - оқу материалы бойынша әңгіменің әрі қарай не туралы болатындығын, оның салдары мен нәтижелерін болжау.

Мұндай оқу нәтижелері материалды есте сақтау деңгейіне қарағанда анағұрлым жоғары болады.

Оқушы әрекеті:

Фактілерді, ережелерді, қағидаларды салыстырады, айырмашылығын көрсетеді, мысалдар келтіреді;

Сөзбен келтірілген материалды, схемалар, графиктер, диаграммаларды түрлендіреді, өзгертеді;

Сөзбен келтірілген материалды биологиялық ұғымдарға өзгертеді (немесе керісінше);

Берілген ақпарат бойынша болашақта туындауы ықтимал салдарын сипаттайды, болжайды.

3. Қолдану

Бұл категория оқу материалын нақты жағдайда және мүлдем жаңа ситуацияда қолдануды меңзейді.

Мұнда ережелерді, әдістерді, ұғымдарды, заңдарды, қағидаларды, теорияларды практикалық тұрғыдан қолдану кіреді.

Оқу нәтижелері түсіну деңгейіне қарағанда материалды тереңірек игеруді талап етеді.

Оқушы әрекеті:

*ұғымдар мен қағидаларды
жаңа жағдайларда
қолданады*

*әдіс немесе жұмыс ретін
дұрыс қолданатындығын
көрсетеді.*

*заңдар мен теорияларды
тәжірибелік тұрғыдан нақты
ситуацияларда қолданады*

4. *Талдау*

Оқу материалының құрылымы анық көрінуі үшін оны құрамдас бөліктерге бөлу:

- Бүтіннің бөліктерін ажырату;
- Бүтіннің қалайша ұйымдастырылғандығын сезіну.

Бұл категория оқу материалының мазмұнын сезінумен қатар оның ішкі құрылысы қалайша құралатындығын білуді меңзейді.

Оқушы әрекеті:

*жасырын (көзге көрінбейтін)
жайттарды ашады*

*ойдың өрбуінен қателер
мен олқылықтарды айқындайды*

*фактілер мен олардың салдарының
арасын ажыратады*

*ұсынылған фактілердің
маңыздылығын айқындайды*

5. Жинақтау (синтез)

Оқу материалының элементтерінен жаңашыл сипаттағы бүтінді (нәтижені) құрастыру. Жаңа нәтиже ретінде оқу материалдарын мүлдем өзгеше реттейтін хабарлама, жұмыс жоспары, кестелерді атауға болады.

Мұндай оқу нәтижелері жаңа мазмұн және жаңа құрылымдарды жасап шығаратын шығармашылық әрекеттерді қолдануды талап етеді.

Оқушы әрекеті:

*тәжірибе жасаудың
өзіндік жоспарын
ұсынады*

*шығармашылық
тұрғыдан шығарма (эссе)
жазады*

*қандай да болмасын
проблеманы шешу үшін
өз білімдерін
шығармашылықпен
қолданады*

6. Бағалау Таным мен ойлау деңгейі- жоғарғы деңгей

Оқу материалының маңызын анықтау, ол туралы өзіндік пікір келтіру, ойын білдіру, таңдау жасап, шешім қабылдау. Мұнда оқушы пайымдаулары нақты дәлелдерге негізделуі керек:

- ішкі – құрылымдық, логикалық тұрғыдан;
- сыртқы – алдына қойылған мақсаттарға сәйкестігі тұрғысынан.

Бұл деңгей алдыңғы категориялардың оқу нәтижелеріне қол жеткізуді меңзейді.

Оқушы әрекеті:

оқу материалы құрылымының логикасын жазбаша түрде бағалайды

жасалған шешімдер мен қорытындылардың берілген фактілерге сәйкестігін анықтайды

ішкі немесе сыртқы критерийлерге сүйеніп, оқу материалының маңыздылығын айқындайды

Сұрақтар

Ойлау деңгейі	Сұрақтар үлгілері
<i>Білу және түсіну</i>	Не? Кім? Қашан? Не үлгісі болып табылады? не түспалданады? басқаша қалай түсіндіруге болады? бұл үлгі боп табыла ма? Мен мұны өз сөзіммен сипаттай алам ба?
<i>Қолдану</i>	Бұл қалай пайдаланылады? Бұл немен байланысты? ... қандай жағдайларда?
<i>Талдау</i>	Неге? Қалай? себебі не болып табылады? Қорытынды үшін не нәрсе дәлел? ...себебі қандай? ...бір-бірімен қалай үйлеседі?
<i>Жинақтау</i>	Егер бұл іске асатын болса, осыдан кейін не болады? Теорияның болжамы іске аса ма? Алынған ақпарат негізінде қандай қорытынды жасадым? Бұл онымен қалай байланысты?
<i>Бағалау</i>	Бұл жақсы ма және неліктен? Бұл қисынды ма және не себепті?

Биология пәні бойынша тапсырма түрлері

1. Білу

- 1. Жасушаға анықтама беріңіз.
- 2. Өздеріңе белгілі иммунитет түрлерін атаңдар?
- 3. Жасанды және табиғи иммунитет арасында қандай айырмашылық бар.?
- 4. Генетика ғылым нені зерттейді? Анықтама беріңіздер. Шағылыстырудың қандай түрлері бар?

2. Түсіну

- 1. Неліктен екінші қан тобын , үшінші қан тобына құюға болмайтынын түсіндіріңдер.
- 2. Қан тамырларының қабырғаларын сипаттаңдар.
- 3. Параграф мазмұнын өз сөзіңізбен қысқаша айтып беріңіз.
- 4. Өз ойларыңызды айтыңыздар, түсіндіріңіздер. Мендель зерттеу жұмыстарына не себепті бұршақ өсімдігін тандап алды? Гибридологиялық әдістің ерекшелігі неде?

Биология пәні бойынша тапсырма түрлері

• 3.Қолдану

- 1. Берілген сөздің әрбірін қолданып сөйлем құрастырыңыз.
- 2. Әртүрлі жұқпалардың жұғу типтері және қоздырушылар типтері арасындағы байланысты анықтаңдар.
- 3. Табиғи туа және жүре пайда болған иммунитетті салыстырыңдар. Олардың негізінде қандай механизм жатыр.
- 4. Берілген дидактикалық суреттер арқылы немесе суретті есепке айналдыру, жаттығуларды орындау.

• 4.Талдау

- 1. Көз құрылымдары арқылы жарық сәулелерінің өту кезеңдерін талдаңдар?
- 2. Моногибридті, дигибридті,, полигибридті будандасуды саралап, ажыраудың себебін дәлелдеңіз.
- 3. Көмірсулар мен майлар ыдыраған кезде бөлінетін энергия мөлшерін талдаңдар
- 4. Адам ағзасындағы қорғаныш қызметі мен иммунитет түрлері арасындағы сәйкестікті анықтаңыздар.

5.Жинақтау (синтез)

- 1.Көмірсулар мен липидтердің әртүрлі топтарын критерий бойынша жүйелендер.
- 2.Адам қан топтарының тұқым қуалауына байланысты ата-ана, өздеріңіздің, жора-жолдастарыңыздың қан топтарын анықтап, есеп-жаттығулар құрыңыз (пеннет торын пайдалану)”

- 3. Зерттеу нәтижелерін ескере отырып, себептеріне болжам жасаңыз.
- 4. Тамақтан улануды тудыратын ағзалардың ағзаға түсу жолдарына мысал келтіріңдер.

6. Бағалау

- 1.Салауатты өмір салтын ұстанып,жүрек және қан тамырлар ауруларының алдын алуды бағалаңдар және пікір талас өткізіңдер
- 2. Қанқа бұлшық ет құрамына кіретін әрбір құрылым және жасуша ішіндегі микроскопиялық құрылым рөлін бағалаңдар
- 3. Генетика – биологияның ең маңызды саласы, бүгінгі таңда генетиканың маңызы бар ма? Осы тақырыптардың өзіңізге әсері жайлы ойларыңызды айтыңыздар.
- 4. «Асқорытуға байланысты проблеманың алдын алуға адамның өзі адамның өзі жауапты» деген тақырыпқа дебат ұйымдастырыңдар ?

Қорытынды

Блум таксономиясы жеке тұлғаның біліктілік қасиеттерін шыңдай түсуге жол салады, ой ұшқырлығы, жаңаға ұмтылушылық, шығармашылық қабілеттер, өзіндік ой – пікірлерге тұра білу, өзіне сын көзбен қарау, жаңашылдыққа ұмтылу . Блум таксономиясының негізінде жеке тұлғаның креативтілігі, шығармашылық дербестілігін қалыптастырады. Демек, Блум таксономиясы оқытуы арқылы жеке тұлғаны қалыптастыру – жеке тұлғаның сапалық қасиетін дамытатын рухани құндылықтарды игерудің бірден – бір жолы.

**Назарларыңызға
рахмет!**